


АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ

“ҚЫС” ӨЛЕНІ



Сабақтың мақсаты:

- а) Ұлы ақын Абай атамыздың өмірі ,оның шығармалары туралы білімін кеңейту;***
- ә) Абай Құнанбаевтың ”Қыс” туралы өлеңінің мазмұны мен идеясын ашу, өлеңіне түсінік беріп, оқушылардың білімін көтеру;***
- б) Ақын өлеңдерін талдай отырып, өз ойын жинақтап, қорыта білуге, байланыстырып сөйлей алуға баулу;***
- в) Оқушыларды табиғатты аялауға, адалдыққа, шыншылдыққа, білімге баулу;***



1. *Авторы - А. Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл - философы, композитор әрі аудармашы, реформатор.*

2. *Тақырыбы - қыс мезгілінің ерекшелігі, ащы аяз, долы боран кезіндегі ауыл, ел өмірі.*

3. *Жанр түрі - өлең. Бұл өлең табиғат лирикасына жатады. Себебі, ақын табиғаттың қытымыр қаталдығына қарсы тұруын өз көңілі, сезімі арқылы білдіреді.*

4. *Идеясы дегеніміз-ақынның айтар ойы мен мақсаты.*

Өлеңнің идеясы – қыс сипатын күшейтіп «Қыс» өлеңін Абай атамыз 1884 жылы Семей өңірінде қыс қатты болып ел жұтаған, мал қырылған екен. Қыста жауған қар сәуір айында бір-ақ еріген. Бұл өлең сол кезеңде жазылған.

Сондықтан ақын қысты «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды” зор тұлғалы адам ретінде сипаттаған.


Кыс

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы
Бет қарауға шыдамай теріс айналды.
Қар тепкенге қажымыс қайран жылқы
Титығы құруына аз-ақ қалды.
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,
Малшыларым, қор қылма итке малды.
Соныға малды жайып, күзетіңдер,
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!
Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,
Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.

Сөздік жұмыс:

- а) Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.*
- б) Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.*

- ҚЫСТЫҢ ҒАЖАЙЫП ШАҚТАРЫ
- ҰМЫТЫЛМАС СӘТ
- ҚЫСҚЫ СӘН



Өздік жұмыс:



*Қыс маған
ұнайды*



*Қыс маған
ұнамайды*

“Абай жолы” романы

Абайдың “Қара сөздері”

Абайдың аудармалары

“Масғұт” поэмасы

“Масғұт” поэмасы

“Сегіз аяқ”

“Ғылым таппай мақтанба”, “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”

“Желсіз түнде жарық ай”

“Көзімнің қарасы

“Қыс”

“Көктем”

“Жаз”

“Күз”













Blingee


























*Көріп
тамашалағандары-
ңызға рахмет!*